

Авиациялық қызметтерді сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - ҰШМҮО) төменде көрсетілген бағыт бойынша медициналық авиация желісі арқылы (халықаралық ұшу) авиациялық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

қала: Стамбул (Түркия) – Астана (Қазақстан Республикасы), авиациялық қызмет мамандандырылған медициналық әуе кемесін тарта отырып, пациентке бір жату орнын ұйымдастыру, оттегін беру және реанимациялық бригаданы сүйемелдеу арқылы жүзеге асырылады.

Жеткізуші пациент пен еріп жүретін адамды медициналық персоналдың сүйемелдеуімен әуе кемесінің бортына мамандандырылған автомобиль көлігімен трансфер ұйымдастыруы қажет.

Диагноз: «Травматикалық ми ішілік қан кету, декомпрессиялық краниотомия. Краниопластика»

Науқастың жағдайы: қарқынды терапияны қажет етеді, Глазго шкаласы 9 балл. Оттегімен қамтамасыз ету.

Еріп жүретін адам: (қарым-қатынасы, аты-жөні): 1 адам (деректер кейінірек беріледі).

Бағыт бойынша ұшу күні: 2025 жылғы 27 қантар.

Төлем шарттары: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан тиісті қаржыландырудан кейін 5 (бес) банктік күн ішінде *(бұл шарт өзгеріссіз және өзге шарттармен баға ұсыныстары қарауға қабылданбайды)*.

Осыған байланысты, ҰШМҮО Сіздің баға ұсынысыңызды қарауға дайын (баға ұсынысының қолданылу мерзімін көрсетіп, салон мен әуе кемесінің фотосуреттерін ұсыну қажет).

Сатып алуға қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің қосымшада және шартта белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Шарттың жобасы Тапсырыс берушінің сайтында орналастырылған <https://emcrk.kz>.

Баға ұсынысын беру орны мен мерзімі: Астана қ., Хусейн бен Талал көшесі, 14 ғимарат мекенжайы бойынша, байланыс телефоны +7 (7172) 70-96-77, 70-17-03, электрондық пошта (e-mail): **info@emcrk.kz** 2025 жылғы 23 қантар күні сағат 15:00-ге дейін, жауапты тұлғаның байланыс деректерін ұсынумен (ұйымның атауы, лауазымы, аты-жөні, телефоны, E-mail).

Қосымша: 1 парақ

Шетелдік ұшуларды орындауға арналған Чек-парақ

Әуекомпаниясы: _____

Бағыт: _____

(аралық аялдамаларды/жанармай құюды жүзеге асыру кезінде көрсету)

Әуе кемесінің түрі (ӘК): _____

Рейс құны: _____

Халықаралық ұшуды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін компания: _____

ӘК негізгі сипаттамалары:

Крейсерлік жылдамдығы: _____ км/сағ;

ұшу ұзақтығы: _____ км.

құрамында кемінде 2 (екі) медицина қызметкері бар медициналық бригаданың болуы (білікті, сертификатталған (маман сертификаты бар));

жатқан күйдегі пациент үшін орынның болуы;

пациентті тасымалдау процесінде қолданылатын медициналық бұйымдардың (медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар) және дәрілік заттардың болуы;

еріп жүретін адам үшін бортта 1 (бір) орынның болуы;

экипажды, медициналық персоналды, пациентті және еріп жүретін адамды (адамдарды) тамақпен қамтамасыз ету;

аралық аялдамаларды жүзеге асыру кезінде экипажды, медициналық персоналды, пациентті және еріп жүретін адамды (адамдарды) қонақүйге орналастыру.

пациент пен еріп жүретін адамды мамандандырылған автомобиль көлігімен, медициналық персоналдың еріп жүруімен әуе кемесінің бортына және қажет болған жағдайда аралық қону орындарына трансфер;

жоспарланған ӘК ақаулы болған жағдайда, ұшудың жоспарланған уақытынан 6 сағаттан кешіктірмей, сипаттамалары мен медициналық жабдығы жоспарланған ӘК-ден кем емес резервтік ӘК ұсыну;

ӘК бортында пациентпен аралық қонусыз ұшуды қамтамасыз ету (өте қажет);

рейсті қамтамасыз етуге (брондауға) растау;

ұшу алдында және аралық қону кезінде пациенттің жай-күйі туралы ақпарат беру туралы растау.

Ескертпе:

- ұяшықтың ішінде «ИӘ» / «ЖОҚ» деп көрсету керек.

Толтырылған ұяшық болмаған жағдайда ол «ЖОҚ» деп есептеледі.

Ең төмен баға берілген жағдайда, осы чек-Парақ бойынша барынша оң ақпарат берген әлеуетті өнім беруші сатып алудың жеңімпазы болып танылады.

Сатып алу жеңімпазы сайтта орналастырылған біліктілік талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынуы керек

<https://emcrk.kz/ru/zakupki/aviatsionnye-i-meditsinskie-uslugi/dokumenty-po-zakupu>

колы, мөрі (Халықаралық ұшуды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін әуекомпания немесе компания)